

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4

Тақырыбы: «Оқу жылын қорытындылау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Күні: 29.05.2025ж

Қатысқандар: 10

Қатыспағандар: 0

Кеңес төрайымы: А.Овезова

Хатшы: Ибрагимова

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның 2024–2025 оқу жылының қорытындысы.
2. МАД топтары педагогтерінің жұмысының есебі.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту.
4. Жаңа оқу жылына бағыт-бағдарлау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Бөбекжай директоры А.Овезова 2024–2025 оқу жылының қорытындысы туралы баяндама жасады. Оқу жылы барысында жылдық жоспарға сәйкес барлық оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі ұйымдастырылғанын атап өтті.

Педагогтер мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарын басшылыққа ала отырып, балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар жүргізді. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мерекелік іс-шаралар, ата-аналармен ынтымақтастық және педагогтердің кәсіби даму жұмыстары өз деңгейінде өткізілгені айтылды.

Сөз сөйледі: әдіскер: Ибрагимова

Әдіскер педагогтердің бірлескен еңбегінің нәтижесінде оқу жылының негізгі міндеттері орындалғанын атап өтті. Алдағы оқу жылында инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану және білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды ұсынды.

2-мәселе бойынша

Мектепалды топтарының педагогтері өздерінің жылдық жұмыстары бойынша есеп берді. Есеп барысында тәрбиеленушілердің мектепке дайындығы, білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі, ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижелері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар мен жетістіктері таныстырылды. Балалардың мектепке психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайындығының оң нәтижелері атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Әдіскер жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын таныстырды. Жоспарда балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, табиғат аясындағы танымдық іс-шараларды ұйымдастыруға, қауіпсіздік ережелерін сақтау және шынықтыру шараларын жүйелі өткізуге басымдық берілгені айтылды.

Сөз сөйледі: тәрбиеші Сариева Ж

Тәрбиеші жаз мезгілінде таза ауада өткізілетін ойындар, спорттық жарыстар, шығармашылық жұмыстар мен табиғатты бақылау іс-шаралары балалардың денсаулығын нығайтып, қызығушылығын арттыратынын атап өтті. Жоспарды толық қолдайтынын білдірді.

4-мәселе бойынша

Жаңа 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттар талқыланды. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа білім беру технологияларын енгізу, дамытушы ортаны жетілдіру және ата-аналармен өзара байланысты нығайту мәселелері қарастырылды.

Сөз сөйледі: тәрбиеші Сариева Ж

Тәрбиеші жаңа оқу жылында заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану, балалардың жеке қабілеттерін дамыту және білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

Шешімі:

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Мектепалды тобы педагогтерінің жылдық есептері назарға алынып, мектепалды жұмыстарының сапасын одан әрі жетілдіру жалғастырылсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы ұйымдастырылсын.

2-мәселе бойынша жалғасы

Сонымен қатар балалардың оқуға деген қызығушылығы, дербестігі және қарым-қатынас дағдыларының дамығаны атап өтілді.

3-мәселе бойынша

Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары талқыланып, бекітілді. Жоспарда балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру, қимылды және ұлттық ойындарды ұйымдастыру, таза ауада серуендеу, танымдық және шығармашылық іс-шаралар өткізу мәселелері қамтылды.

4-мәселе бойынша

2025–2026 оқу жылына бағыт-бағдар берілді. Жаңа оқу жылында білім беру сапасын арттыру, инновациялық технологияларды енгізу және педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру басты міндеттер ретінде белгіленді.

ШЕШІМІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыстарды қанағаттанарлық деп тану.

2. МАД топтары педагогтерінің жұмысы бойынша есебі қабылдансын.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.
4. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шынықтыру және сауықтыру шараларын тұрақты жүргізу педагогтердің бақылауында болсын.
5. 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі міндеттер бекітіліп, педагогтер жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізісін.
6. Осы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

А.Овезова

Хатшы:

Ж.Ибрагимова

